

### Ақпаратты-библиографиялық бөлімінің менгерушісі –

#### Ақшораева Гүлмира Ерсінбекқызы

Болім, облыс колеміндегі загіп және әлсіз коретін азаматтарға кызмет корсететін бвкіл арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне әдістемелік орталык болып табылады. Филиалдар мен пункттердегі кітапханалык кызметтін дамуын талдайды, озык тәжірибелерді таратады, оқырмандардын арнайы сұраныстарын аныктау үшін әлеуметтік зерттеулер жүргізеді. Облыс колеміндегі загіп оқырмандарға кызмет корсететін кітапхананашылардын кәсіби біліктілігін жоғарылату максатында, тәжірибе алмасу максатында іс-шаралар ұйымдастырып откізеді. ОКО арнайы кітапхананын және филиалдар мен пункттердін жұмыс жоспарлары мен есептерін сараптап, кабылдайды. Кітапханалык және ақпараттык жұмыстын жана тиімді түрлерін зерттеп енгізеді. Кітапхананын баспа кызметін үйлестіреді. Облыстагы арнайы кітапхана филиалдары мен пункттеріне кенестік және әдістемелік көмек корсетеді. Токсан сайын әдіскерлер күні отіп тұрады. Когаммен үйлестіру кызметін ұйымдастырады. Облыс колемінде, загіп оқырмандардын интеллектуалдык, әлеуметтік және рухани дамуына ықпал ететін ақпаратка еркін кол жеткізуін камтамасыз етуге және ақпараттык ортаны калыптастыруға, оқырмандардын ақпараттармен алмасуларына, бос уақыттарын тиімді пайдалануларына мүмкіндік жасауға, олар үшін карым-катынас жасаудын мәдени, рухани орталыгын құруға оз үлесін косады. Кен колемде I-II топ көз мүгедектерімен байқаулар, фестивальдар, спорттык жарыстар т.б. көпшілік іс-шараларға арналган күжаттар дайындап, откізеді. Болім кызметінін басымды багыттарынын бірі 2010-2011 ж.ж. арасында 3 жылга жоспарланган I-II топ көз мүгедектері арасында отіп келе жаткан «Жанарым менін жүрегім» атты облыстык фестиваль. 2011 жылда ҚР Тәуелсіздігінін 20 жылдыгына, М.Макаатаевтын 80 жылдыгына, Ж.Жабаевтын 165 жылдыгына арналып отыр. Болімде дәстүрлі түрде библиографиялық, фактографиялық ақпараттар жинагы сакталады. Бвкіл баспа-басылымдары онделеді: загіптар үшін кажетті ақпараттар, жана ақпараттык технология көмегімен картотекалар және библиографиялық мәліметтер базасы калыптаскан, оқырмандарға библиографиялық кызмет корсетіліп, аныктамалар мен ақпараттармен камтуда. Мектеп-интернатынын окушыларымен аныктамалык-библиографиялық аппарат /АБА/ бойынша іс-шаралар отеді. Кәсіби басылымдарға шолулар жасалынады. Библиография күні, ақпараттар күні отіп тұрады.

Әдістеме болімінін құрамына компьютерлік сынып кіреді. Жоғарыда аталган сыныптын негізгі жұмысынын багыты көздері нашар коретін пайдаланушыларға компьютерлік технологиялардын колдануына бірдей мүмкіндік беріп, оларга осы салага катысты

багдарламалар және арнайы компьютерлер ұсынылады. Келушілер «книголюб» атты кітап оқу машинасы кешенімен, экранды дыбыстайтын «jafs», «электронды лупа», «virgo» және электронды кітаптарды оқуға арналған «максридер» сияқты компьютерлік багдарламалармен жұмыс істеуге болады. Жоғарыдағы көрсетілген арнайы багдарламалар арқылы жеке компьютерді толық игеріп қоймай стандартты мәтіндік багдарламалармен еркін жұмыс істей береді мысалы «Борд», «Блокнот» сондай-ақ загіп пайдаланушы «Неро-экспресс» багдарлама арқылы CD және DVD дискілерге еркін керекті ақпараттар жаза береді. Бұл бөлімде компьютерлік сабақтарды ересектер мен балалар қатар оқи береді.